

Хаттама №1
«Шәкәрім атындағы ЖББМ КММ
«Адал ұрпақ» ерікті мектеп клубының отырысы болып өтті

Қатысуға тиіс: 5
Қатысқаны: 5

Күн тәртібінде:

1. Ерікті «Адал ұрпақ» мектеп клубының жұмыс жоспарын бекіту
2. «Адалдық аумағы» мектеп бұрышын құру
3. «Адал ұрпақ» мектеп клубының қатарына өз еркімен кіруге ниет білдірген үміткерлерді қарастыру
4. «Парасатты азамат» бұрышын ұйымдастыру

Тыңдалды:

«Адал ұрпақ» ұйымының алғашқы отырысы қыркүйек айында өтті. **Бірінші мәселе** бойынша тәрбие ісінің орынбасары «Адал ұрпақ» ұйымының жұмысы туралы мақсат міндеттерімен, ережесімен және 2024-2025 оқу жылы бойынша жылдық жоспарды таныстырылып ұсынылды.

Екінші мәселе бойынша тәрбие ісі жөніндегі орынбасары сөз алып, «Адалдық аумағы» туралы мектеп бұрышын жасақтау туралы түсіндіріп өтті.

Үшінші мәселе ұйым мүшелерін бекіту туралы айтты. Ұйым төрайымы-Шидербекова А.Е., мүшелері-5-11 сынып оқушыларын бекітуге ұсынылды. Осы оқушылар жоспар бойынша сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруға бағытталған тәрбие жұмысына байланысты сынып сағаттары, сыныптан тыс іс-шаралар ұйымдастырып, қоғамдық ұйымдармен бірлесіп жұмыс жасауға ат салысады деп сөзін аяқтады.

Төртінші мәселе: «Парасатты Азамат» бұрышын ұйымдастыру бойынша ұйым жетекшісі аға тәлімгерсөз алды. Бұрыштың басты мақсаты- азаматтық, патриоттық тәрбие беру, кез келген адамның құқығын, бостандығын және міндетін құрметтеу, адамгершілік қасиет пен этикалық ананы қалыптастыру, жемқорлықты қабылдамау, шығармашылық қарым-қатынасты қалыптастыру үшін өте маңызды. «Парасатты Азамат» бұрышы мектеп фойесінде ілулі тұр. Бұрышта «Адал Ұрпақ» ұйымының бұйрығы, жылдық жоспары, мақсаты мен міндеттері, ұраны ілінеді деп сөзін аяқтады.

Қаулы қабылданды:

1. «Адал Ұрпақ» ұйымының жоспары бекітілсін.
2. «Адал Ұрпақ» ұйымының ұйым басшысы мен мүшелерін бекіту
3. «Парасатты Азамат» бұрышын ұйымдастыру

Хаттама №2

«Шәкәрім атындағы ЖББМ» КММ

«Адал ұрпақ» ерікті мектеп клубының отырысы болып өтті

Қатысуға тиіс: 5

Қатысқаны: 5

Күн тәртібінде:

1. «Адалдық дүкені» туралы жарты жылдық есеп
2. Қабылданған оқушылар туралы хабарлама
3. жарты жылдық есеп беру

Тыңдалды:

Бірінші мәселе бойынша тәрбие ісі жөніндегі орынбасары сөз алды. Мектепте "Адал ұрпақ" ерікті мектеп бірлестігінің ұйымдастыруымен "Адалдық дүкені" сатушысыз дүкен өткізілді. Адалдық дүкеніне мектеп ұстаздары мен оқушыларына қажетті құралдар қойылып, дүкенге қойылған құралдарды сатып ала отырып, өз адалдығын дәлелдеу үшін адалдық кассасына құралдарда көрсетілген соманы салады және өз адалдығын дәлелдейді. Елімізде сыбайлас жемқорлықпен күрес жобаларының бірі — «-адалдық алаңы» жобасы аясында мектебімізде «Адалдық дүкені» ашылды.

«Сауда орнының басты ерекшелігі де осында, яғни сатып алушылар өзіне тек адалдық принципі бойынша қызмет көрсетті.

Мұндай жобаны жүзеге асыру оқушылардың тәрбиесі мен адалдығын арттыруға бағытталып отыр. Осылайша, бұл мекен оқушылардың әлеуметтік жауапкершілігін шындайтын орынға айналмақ. Сондай-ақ, «сыбайлас жемқорлыққа қарсы иммунитетті» қалыптастыруға әсер ететін нысан болып табылады.

Алдағы уақытта осындай акция мектебімізде жыл бойы жалғасын табады және әртүрлі бағытта өткізіледі.

Адалдық дүкенінің мақсаты: оқушылардың бойына адалдық қабілетін қалыптастыру.

Екінші мәселе — барлық оқушыларға «Адал ұрпақ» ерікті мектеп клубының ережесі таныстырылған. Соның нәтижесінде ерікті түрде «Адал ұрпақ» мектеп клубына өздерінің ниеттерін білдірген оқушылардың өтініштерін ала отырып, мүшеге қабылдауға шешім қабылданды. Қабылданған оқушыларға толық қайта ұйымның ережесі, мүшелерінің міндеттері мен құқықтары таныстырылып өтті.

Үшінші мәселе — оқушыларға ұстаздарға үнемі үзілістерде сыбайлас жемқорлыққа қарсы брошюралар таратылып отырылады.

Қаулы қабылданды:

1. «Адалдық дүкені» жұмысы жандандырылсын
2. Қабылданған оқушылармен жұмыстар өткізілсін

Хаттама №3

«Шәкәрім атындағы ЖББМ» КММ
«Адал ұрпақ» ерікті мектеп клубының отырысы болып өтті

Қатысуға тиіс:5

Қатысқаны:5

Күн тәртібінде:

1.«Адал ұрпақ» ерікті мектепшілік клубы қызметін ұйымдастыру

Тыңдалды:

жалпы орта білім беретін мектебінің директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары «Адал Ұрпақ» ерікті мектеп клуб жоспарына сай «Адал Ұрпақ» ерікті мектеп клубтарын, әдетте жалпы білім беру мектеп басшылығының, сыныпқа жетекшілік ететін педагогикалық қызметкерлердің қолдауымен негізгі орта және жалпы орта білім беру бағдарламалары бойынша оқитын балалар қалыптастыратындығын, жалпы білім беретін мектебінде 2024-2025 оқу жылына «Адал Ұрпақ» ерікті клубын құру туралы бұйрық шығарылғандығын, рухани-адамгершілік және азаматтық патриоттық тәрбиелеу контекстінде «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті мектеп ортасында қалыптастыру» бағдарламасын жүзеге асыру мақсатында «Адал ұрпақ» ерікті мектеп клубы құрылғандығын айтып өтті.

Сөйледі:

Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары «Адал Ұрпақ» ерікті мектеп клубының жетекшісі болғандығын, «Адал ұрпақ» ерікті мектеп клубының жұмыс жоспарын түзу мектептің аға тәлімгері , қосымша білім беру педагогы жүктелетіндігін айтып өтті.

Қабылданған шешім:

1. «Адал ұрпақ» ерікті мектеп клубының жылдық жұмыс жоспарлары «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті мектеп ортасында қалыптастыру» бағдарламасы негізінде жасалынып, жұмыс жандандырылсын.
2. Жұмыстың жүйелі жүргізілуін қадағалау жауапкершілігі директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары жүктелсін.

Хаттама №4
«Шәкәрім атындағы ЖББМ» КММ
«Адал ұрпақ» ерікті мектеп клубының отырысы болып өтті

Қатысуға тиіс:5
Қатысқаны:5

Күн тәртібінде:

1. Адал ұрпақ клубының жұмысын қортындылау
2. Біз жемқорлыққа қарсымыз

Тыңдалды:

Бірінші мәселе бойынша кезекті отырыстың күн тәртібіндегі мәселелермен тәрбие ісі жөніндегі орынбасары таныстырып өтті. «Адал Ұрпақ» ерікті мектеп клубының негізгі мақсаты рухани адамгершілік және азаматтық – патриоттық тәрбиелеу. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру және сыбайлас жемқорлыққа мүлдем төзбеушілікті көрсететін құндылықтар жүйесін сақтау және нығайту, оқушылардың заң талаптарына сақтауға ынтасын қалыптастыру.

Осыған орай жоспар бойынша барлық іс-шаралар атқарылды. Сыныптарда сынып басшылары тағайындалды, мектепте парасатты азамат бұрышы құрылды, сыныптарда «Адал ұрпақ мүшелері тағайындалды, «қоғамдық тәртіп негізі, біздің таңдауымыз заңды мемлекет» атты дөңгелек үстелдер, адал және сатылмайтын еңбек бейнесі атты сурет байқауы бастауыш сыныптар арасында өткізілді. Жауапты мұғалімдер өздеріне тиесілі іс-шараларды уақытымен өткізіп отырды.

Екінші мәселе бойынша- Біз жемқорлыққа қарсымыз баяндама Сыбайлас жемқорлықты қазір бәрі біледі. Азаматтардың басым көпшілігі сыбайлас жемқорлықтың жаман екенін біледі және одан зардап шегеді. Сыбайлас жемқорлық пен онымен күрес туралы жүздеген мақалалар, кітаптар, оқулықтар жазылды. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы бағдарламалар, жоспарлар, ондаған іс-шаралар әзірленіп, іс жүзінде қолданылуда; республикалық және жергілікті деңгейде заңдар қабылданды. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы түрлі комитеттер мен комиссиялар құрылды. Осының бәріне қарамастан, елімізде сыбайлас жемқорлық деңгейі төмендеп жатқан жоқ. Сыбайлас жемқорлықпен күресте биліктің жеңіліске ұшырап жатқанын айта аламыз. Мұндай жағдайларда мәселені одан әрі түсіну өте өзекті болып қала береді.

Қаулы етіледі:

1. Адал ұрпақ ерікті мектеп клубының жұмысы қанағаттанаарлық деп танылсын.
2. Баяндама есепке алынсын